## "Көкшетау қаласының жасыл желектерін қорғау және ұстау Ережесін" бекіту туралы

***Күшін жойған***

Көкшетау қалалық мәслихатының 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N С-27/7 шешімі. Көкшетау қаласының әділет басқармасында 2006 жылғы 4 қаңтарда N 1-1-32 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № С-53/21 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2011.12.09 № С-53/21 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N№148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес және Көкшетау қаласы әкімдігінің ұсынысы бойынша Көкшетау қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** :

1. Ұсынылған "Көкшетау қаласының жасыл желектерін қорғау және ұстау Ережесі"» бекітілсін.

2. Осы шешім Көкшетау қаласының әділет Басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көкшетау қалалық мәслихаттың 27-ші кезекті сессиясының төрағасы*

*Көкшетау қалалық мәслихаттың хатшысы*

Көкшетау қалалық мәслихатының 2005 жылы 9 желтоқсандағы С-27/7 шешімімен бекітілді <*>

## Көкшетау қаласының жасыл желектерін қорғау және ұстау Ережесі

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Кодексі , және 2001 жылғы 30 қарашадағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына, "Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңдарға сәйкес жасалған.

Ереже, Көкшетау қаласының жасыл желектерді қорғау және ұсталуы туралы қатынастарын реттеп, орнықтырып, орындалуы, Заңды және жеке тұлғалардың барлық түрлері үшін бірдей міндетті:

Көкшетау қаласының аумағында жасыл желектерді қорғау және ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастырып үйлестіруді қала әкімдігінің қызметтік лауазымдары, өкілетті басқару органдары, мекеме жетекшілері, қаланы көгалдандыру кәсіпорны жүзеге асырады.

## Жалпы жағдай

1. Осы Ережелерде мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылды:

1) жасыл желек - қолдан отырғызылған және табиғи шығу тегі шөп өсімдігі мен ағашты - шіліктер, олар азаматтық заңдылықтарға сәйкес жылжымайтын мүлік болып біртұтас қаланың жасыл қорын құрайды;

2) көгалдандырылған аумақ - жасыл желектер орналастырылған жер учаскесі.

3) жалпы пайданылатын жерлер - халықтың қажеттігін қанағаттандыруға арналған көше, тротуар, өтпелі жүретін жолдар, жағалаулар, парктер мен бақ, бульварлар, басқа да нысандар орналасқан жерлер;

4) жасыл алап - көгалдандырылған аумақ, саны 50 ағаштан кем емес бірыңғай аумақ құрайтын 0,125 гектардан аз емес көріну құрамына ие алқап;

5) жасыл желектерді қорғау - көгалдандырылған аумақ және жасыл алаптарды құқықты, әкімшілік, ұйымдық және экономикалық шаралармен жасыл желектерді үдемелі өндіріп және сақтауға, жасауға бағыттанған жүйе (соның ішінде жойылған немесе жарақаттанған жасыл желектерді қалпына келтіру орнын толтыру);

6) санитарлық кесінді - жарақаттанған, ауру, кепкен, кебуге айналған сабақтарды алып тастау;

7) жасыл желектерді крониловкалау - жасыл желектерге табиғи түр беру үшін сабақтарын кесіп ықшамдау;

8) жасыл желектерді зақымдау - өсуін тоқтатпайтын өсімдіктердің сабағына, тамыр жүйесіне, жер асты бөліктеріне, барлық ағашты - шілікті, шөп тәріздес өсімдіктердің түрлеріне зиян келтіру; Зақымдау дегеніміз тамыр ж‰йелеріне, сыртқы қабықтарына механикалық бұзушылық жасау;

9) жасыл желектерді жою - өсуін тоқтатқан жасыл өсімдіктерді бұзу;

10) дендралогиялық жоспар (дендржоспар) - қаланың аудандарына жасыл желектердің саны, түрі, құрамы бойынша бар және жобалау арқылы ағашты - шілікті, өсімдіктерді орналастыру, ашық газондар, алаңдар, жол, су қоймалары мен келісім үйлестік жасау;

11) Көкшетау қаласының жасыл желектерінің тізімдемесі - Көкшетау қаласының аумағында жасыл желектердің түрлері, құрамы саны туралы

мәліметтер жинағы;

12) жасыл желектерді қорғау және ұстау Ережесін бұзғаны үшін жауапкершілік - қолданыстағы Қ.Р. Заңнамаларына сәйкес жеке және Заңды тұлғаларға әкімдік және экономикалық шаралар ықпалын жасау;

13) жасыл желектерді қорғау бойынша өкілетті орган - жасыл желектерді қорғау және ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру үшін Көкшетау қаласы әкімдігінің қаулысымен бекітілген орган.

14) жасыл желектердің мәні - көгалдандырылған аумақпен жасыл алқаптардағы жасыл желектерді сақтауға бағытталған жұмыстардың агротехникалық шараларының шаруашылық жүйесі;

15) мамандандырылған ұйым - жасыл желектерді жасап, оған күтім көрсететін өзінің штатында осы саланың маманы жұмысшылары бар, арнайы техникалармен жабдықталған (автокөтергіш, сутаситын, трактор негізіндегі бұрғылау қондырғы, автокөліктер, жүк тиейтін техникалар, жүк автокөліктері) кәсіпорын;

Ескерту. 1-тармақ 14), 15) тармақшалармен толықтырылды - Көкшетау қалалық мәслихатының 2006 жылғы 19 мамырдағы N С-31/12 шешімімен

## Жасыл желектерді қорғау және ұстаудың басты қағидалары

2. Көкшетау қаласының барлық жасыл желектері қаланың қол сұғуға болмайтын жасыл қорын құрайды.

3.Жасыл желектерді қорғау және сақтау бойынша кешенді шараларды меншік түрлерінің қандайы болмасын заңды тұлғалармен және қызметтік лауазымдар арқылы жүзеге асады.

4. Жобалық құрылыс және шаруашылық жұмыстары жасыл желектерді қорғау бойынша талаптарды сақтай отырып, Қазақстан Республикасының белгіленген заңдарымен және осы Ережемен жүзеге асырылады. Құрылыстық, шаруашылық, басқада жұмыстардың, жоба алдындағы және жобалық құжаттарды ұйымдастыру жасыл желектердің жағдайы, жасалған топографиялық түсірулер туралы толық айғақты мәліметтері болуы қажет.

5. Жасыл алаптар (соның ішінде парктер, бақтар, скверлер, аллеялар, т.с.с) қала аумағының ішіне орналасқан тұстарға құрылыс жүргізуге жатпайды, тек қала дамуының бас жоспарына жататын белгіленген тәртіп бойынша учаскелерге ғана болады.

6. Жалпы пайдаланылатын жерлерде көгалдандыру аумағын дамыту қаланың ұзақ уақыттық кешенді көгалдандыру сызбасына сәйкес жүргізіледі, ол атқарушы

органмен келісім бойынша сәулет және қала құрылысы органдарының тұжырымдамасы негізінде орындалады.

## Жасыл желектерді ұстау және қорғау бойынша өкілеттік органның өкімділігі

7. Жасыл желектерді ұстау және қорғау бойынша өкілетті органның құзырына енеді:

1) Көкшетау қаласының аумағында жасыл желектерді санитарлық кесуге, түрлі үлгілерде қысқартуға, қайта отырғызуға, бұзуға немесе бұзбауға рұқсат ету және рәсімдеу;

2) жасыл желектерді күту, ұстау, қалпына келтіру бойынша шараларды орындау үшін бақылау;

3) Қ.Р. қолданыстағы белгіленген Заңнамалары шегіндегі өкілеттілікпен мемлекеттік бақылау функциясын жүзеге асырады.

Ескерту. 7-тармақ 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылды - Көкшетау қалалық мәслихатының 2006 жылғы 19 мамырдағы N C-31/12 шешімімен

## Жасыл желектерді қорғау және ұстау, есебі

8. Көкшетау қаласындағы жасыл желектердің есебі есеп нысандардың шеңберіне орналасқан жасыл желектер түгендеуімен Тізбеге енген бойынша жүзеге асырылады.

9. Есепке жасыл желектердің барлық түрлері алынады: ағаштар, талдар, газондар. Жасыл желектерге түгендеу жүргізу тендерлік негізде мамандандырылған ұйымдармен, санитарлық жағдайды және санаттары деңгейімен (тұрақтылық сатысы) жүргізіледі.

10. Жасыл желектердің есебін бейнелейтін жасыл желектерге тізімдеме және құжат дендроплан болып табылады, ол 10 жыл ішінде 1 рет жаңартылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Көкшетау қалалық мәслихатының 2006 жылғы 19 мамырдағы N C-31/12 шешімімен

11. Көкшетау қаласының жасыл желектеріне Тізімдеме жүргізу мақсаты:

Көкшетау қаласындағы жасыл желектердің жағдайы және сапасы, саны туралы нақты мәліметтер және есеп;

қаланың көгалдандырылған аумағының дамуы және жасыл желектерді сақтап, қорғау шеңберіндегі қалалық басты саясат бағытын айқындау;

қаладағы жасыл желектер жағдайын және саны туралы билік органдары мен басқармаларды, тұрғындарды сенімді ақпараттармен қамтамасыз ету.

12. Жасыл желектерге тізімдеме жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру табиғат қорғау қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

13. Жасыл желектерді көгалдандырылған аумақтарды жалға алған және меншік иеліктері, жеке және заңды тұлғалар міндетті:

1) аумағына жататындар жер участкелеріне, өз участкелеріне жасыл желектерді қорғап және ұстауды қамтамасыз етуге;

2) белгіленген үлгі бойынша жасыл желектерді түгендеу материалдарында өзгерістер туралы (бұзу, қайта ретке келтіру, қайта отырғызу, отырғызу) ақпараттарды, жасыл желектердің жетекші кадастырын, жасыл желектер бойынша өкілетті органға жыл сайын жіберіп отыру;

3) Көкшетау қаласының жасыл желектерін қорғау бойынша өкілетті органның нұсқаулық-әдістемелік сілтемелеріне сәйкес газондарды шабу зиянкестер мен аурулар, арамшөптермен күрес, соның ішінде газондармен ағаш және шіліктерді суару, бүкіл кешенді агротехникалық шараларды әрдайым жүргізіп тұру;

4) Өз есебінен санитарлық-гигиеналық, экологиялық, калақұрылысы нормаларына сәйкес жасалған, дендрологиялық жоба бойынша бекітілген аумақтық жасыл желектердің ағымдағы жөндеуі мен көгалдандыруын жүргізу;

5) жасыл желектерді бұзу (қайта отырғызу) осы Ережеде көрсетілген тәртіпте рәсімделсін;

6) ағаштарды жасартуға әсері бар, ағаш-шілікті өсімдіктерді кесу жүргізілсін;

7) бақылау аумағында (радиусы 1 метр) ток сымдары өтетін, және көше көрсеткіштерін жауып тұратын, үй нөмірлерін көрсетпейтін бұтақтарды кесу өз уақытында жүргізілсін. Бұталарды кесу кесте бойынша электр желілерінің иелері келісімімен, олардың бақылауы бойынша техника қауіпсіздігінің ережесін сақтай отырып атқарылсын;

8) сынған ағаштармен шіліктерді алып тастау, аумақтың санитарлық тазалауы өткізіліп отырсын;

9) парктерге, бақтарға, скверлерге, алаңдарға барғандар жасыл желектерді қорғау бойынша талаптарды сақтау міндетті;

10) жер учаскелерін жалға беру, алу, сатып алу, беру, сыйға беруде жасыл желектермен бірге кететін жағдайда, басқада айналымдарда көрсетілген жер заңдылықтарына орай, жаңа желіктерге, жалға алушыларға жасыл желектерді сақтау талаптары міндеті мен құқығы бірге өтеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Көкшетау қалалық мәслихатының 2006 жылғы 19 мамырдағы N С-31/12 шешімімен

14. Жалпы пайдаланылатын жерлердегі жасыл желектерді қорғау және ұстау жұмыстары тендерлік негізде мамандандырылған ұйымдармен жүзеге асырылады.

Мамандандырылған ұйымдар ағаш-шілікті өсімдіктерді жою, отырғызу, қайта отырғызу, санитарлық, түрлі үлгілерде кесу жұмыстарын тек қана өкілетті

органның жазбаша рұқсатымен, санитарлық-гигиеналық, экологиялық қала құрылысы нормаларын сақтай отырып жүргізіледі.

Ескерту. 14-тармаққа толықтыру енгізілді - Көкшетау қалалық мәслихатының 2006 жылғы 19 мамырдағы N С-31/12 шешімімен

15. Өкілетті органның рұқсатымен жүргізілген жасыл желектерді бұзғандағы өтемді қалпына келтіру жұмыстары ағаш отырғызу жолымен жүргізіледі, белгіленген жер учаскесі аумағының көлемі үш еселік жапырақты ағаш биіктігі 2 шаршыдан кем емес, ал қылқанды ағаш тұқымы биіктігі 1,5 шаршыдан кем емес. Ағаш отырғызуға бос кеңістік болмаған жағдайда өкілетті орган жасыл желектердің қалпына келтіру құнын бір еселік көлемде жергілікті бюджетке, жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларға өтеуді жүргізеді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Көкшетау қалалық мәслихатының 2006 жылғы 19 мамырдағы N С-31/12 шешімімен

16. Жасыл желектерді рұқсат етілмей бұзған жағдайда, өтемді қалпына келтіру, ағаш отырғызу арқылы жапырақты ағаш түрі биіктігі 2 шаршыдан кем емес, ал қылқанды тұқымы биіктігі 1,5 шаршыдан кем емес он есе мөлшерінде, немесе қалпына келтіру құны жасыл желектің, жергілікті бюджетке екі есе мөлшерінде жеке және заңды тұлғалармен өтеу жүргізіледі, бұзылған жасыл желектерді қалпына келтіру құнының мөлшерін жергілікті бюджетке аудару үшін қала әкімдігі бекітеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Көкшетау қалалық мәслихатының 2006 жылғы 19 мамырдағы N С-31/12 шешімімен

17. Жасыл желектерді қалпына келтіру азаматтар мен Заңды тұлғалардың есебіне, бұзушылық жүргізгендердің мүддесінен жүргізіледі.

18. Жасыл желектерді өтемді қалпына келтіру азаматтармен немесе заңды тұлғалармен өз еріктерімен жүргізілуі мүмкін, немесе шарт бойынша мамандандырылған кәсіпорынмен оларды одан әрі ұстау міндеттерін сақтап отырады.

19. Жасыл желектерді, заңсыз бұзушылықтан, жойылу, табиғи өлу фактілері бойынша жауапты адамдарды айқындау мүмкіндігі болмаған жағдайда, жасыл қорларды қалпына келтіру қала бюджеті есебінен жүргізіледі.

20. Отырғызылған жасыл ағаштарды өлген жағдайында бұзу жүргізген адам екінші рет жасыл ағаш отырғызып оның одан әрі күтімін қамтамасыз етеді.

## Жасыл желектерді қайта отырғызу және бұзу

21. Бұзу, қайта отырғызу (қысқы тыныштық жағдайында) жалпы пайдаланылатын жерлерде осы Ереже белгілеген тәртіппен, тек өкілетті органның арнайы рұқсатымен жүргізіледі, жер учаскілерін жалға алатын немесе

жер пайдалану құқығы туралы құжаттарды берерде осылай дәлелдейді.

Көгалдандырылған аумақтың жалға алушылары, жалпы пайдаланылатын жерлерде иеліктері, пайдаланушылары, азаматтармен заңды тұлғалардың өтініші бойынша Көкшетау қаласының жасыл желектерді қорғау бойынша өкілетті органы, ауырған немесе кеуіп қалған, қу ағаштармен шіліктерді олардың қандай орындарда тұрғанына қарамастан есебі мен таңбалау жұмыстарын жүргізеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Көкшетау қалалық мәслихатының 2006 жылғы 19 мамырдағы N С-31/12 шешімімен

22. Ереженің күші азаматтардың саяжайлық учаскелеріне және жеке меншік үй құрылысына пайдалану аумағына таралмайды. Жасыл желектерді қайта отырғызу, бұзу олардың өз таңдаумен, рұқсат рәсімдеуінсіз, жалпы табиғат пайдалану тәртібі бойынша жүргізіледі.

23. Жалпы пайдаланылатын жерде ағаштармен шіліктерді бұзу тендерлік негізде өкілетті органның міндетті рұқсатын рәсімдеп мамандырылған ұйым жүргізеді.

24. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын қалақұрылысы жұмыстарын жүргізуде жасыл желектерді қалпына келтіру бюджет қаржысы есебінен жүргізіледі.

25. Төтенше және апатты жағдайларда, ағаш құлаулары адам өмірі мен денсаулыққа қауіп төндіргенде, ғимараттар мен үйлер зақымданып, коммуникациялар жол қозғалыстары қауіпсіздігі туындағанда көрсетілген ағаштар екпесі шұғыл тәртіпте бұзылады, өкілетті органдар дереу хабарланады. Бұзу фактісі акті бойынша айқындалып анықталады, осыны жұмыс басталған уақыттан 72 сағат ішінде өкілетті орган жасайды.

26. Кесілген жасыл желектер мен шабылған қалдықтарды өндіріс орнында сақтау және жиып қоюға тиым салынады. Құлату, бөлу және кесілген қалдықтарды тасымалдау сияқты барлық жұмыстар толық техника қауіпсіздігі талаптарына сәйкес жүргізілуге тиіс.

27. Жасыл желектерді қайта отырғызу бойынша жұмыстарды жүргізгеннен кейін тапсырыс беруші оларды одан әрі ұстап және баптауды қамтамасыз етуге міндетті.

28. Жасыл желектерді қайта отырғызу, бұзуға рұқсатты рәсімдеу үшін мынандай құжаттар беру қажет:

Заңды тұлғалар үшін:

өкілетті органның басшысы атына өтініш;

жергілікті атқару органы шешімінің көшірмесі (жеке меншік тұрғын-үй құрылысы және нысандар құрылысына (қайта жаңартуға) жер участкесін бөлерде);

жер участкелеріне құқық беретін құжаттар көшірмесі;

мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы (салынатын және қайта жаңартатын нысандарға);

Көкшетау қаласының қалақұрылысы және сәулет бөлімінің жаңа салынатын нысандары үшін сәулеттік - жоспарлау техникалық тапсырыстары бойынша қорытындысы;

жеке тұлғалар үшін, жалпы пайдаланатын жер учаскелеріне жататын соларға жақын жасыл желектерді бұзар алдында;

өкілетті органның басшысы атына өтініш;

жер - заңдылық құжаттардың көшірмесі.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - Көкшетау қалалық мәслихатының 2006 жылғы 19 мамырдағы N С-31/12 шешімімен

29. Осы Ережелермен көгалдандырылған аумақтарда тиым салынады:

1) жасыл желектерді зақымдауға немесе жоюға;

2) от жағуға, түскен жапырақтармен кепкен шөптерді өртеуге;

3) тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарымен, лас сулармен ластауға;

4) ағаштардан сок алуға, жазу, кесу, хабарландырулар ілу, әр түрлі көрсеткіштер мен нөмір белгілерін, сымдар ілуге, шеге қағып шотаяқтар қадауға ;

5) автокөлік құралдарымен өтіп, тұрақ жасап, басқада техникалармен жүруге, тек аумаққа күтім үшін жасыл желектерді бағатын техникаларға ғана мүмкіндік беріледі;

6) автокөлік құралдарын жууға;

7) газондарға автокөлік құралдарын қоюға;

8) мал бағуға;

9) әр түрлі жүктерді соның ішінде құрылыс материалдарын үюге;

10) ағаштардың, шіліктердің сақталуын қамтамасыз ететін шаралар жасамай, төбе, шатыр қарларын төгуге;

11) жасыл желектерге зиян келтіретін басқа да әсер - әрекеттерді болдырмау.

## Жасыл желектерге ұстау және қорғау барысында құқық бұзушылық үшін жауапкершілік

30. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары негізінде жасыл желектерді заңға қайшы зақымдау немесе жоюға әкімдік жауапкершілік етеді.

31. Жеке, лауазымды және заңды тұлғалар осы Ереженің жағдайын бұзғанда , Қазақстан Республикасының қолданыстағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес жауапкершілікке тартылады.

"Көкшетау қаласының
жасыл желектерін қорғау

және ұстау Ережесіне

қосымша N 1

**Жасыл желектерді зертеу АКТІСІ**

"____"»___________ 200___ж.

Көше_______________________________________________________________

___________________________________________________________________

аудан ______________________________________________ Көкшетау қаласы

Біз төменде қол қоюшы______________________________________________

(қызметтік адам)

___________________________________________________________________

өкілетті органның (қызметі аты, жөні)

___________________________________________________________________

органның атауы

___________________________________________________________________

және тапсырыс берушінің уәкілі зерттеу жүргіздік

___________________________________________________________________

жасыл желекке жататын

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

Нәтижиесінде белгіленді:

| N | Жасыл желекте-рінің тұқымдық құрамы | Жоюға | | Қайта отырғызу | | Сақта-лады | | Сапалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | саны | | саны | | саны | | жақсы | қана-ғат | нашар |
| 1 | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | | | | |
| 4 | | | | | | | | | | |
| 5 | | | | | | | | | | |
| 6 | | | | | | | | | | |
| 7 | | | | | | | | | | |
| 8 | | | | | | | | | | |
| 9 | | | | | | | | | | |
| 10 | | | | | | | | | | |

Осы акт ______ парақ жасалды.

*Ескерту:* Зерттеу актісі жасыл желекті жоюға немесе қайта отырғызуға құқық беретін құжат емес.

Тапсырыс берушінің өкілі, алдым ______________________________

(аты, жөні)

Өкілетті органның қызметтік адамы __________ ____________________

(қолы) (аты, жөні)

Көкшетау қаласының жасыл желектерін қорғау және ұстау Ережесіне қосымша N 2

**Жасыл желектерді қайта отырғызу, бұзуға 200___ жылдың "31" желтоқсанына дейін РҰҚСАТ етіледі/**

1. Кәсіпорынның атауы (РНН) (тапсырыс беруші).
2. Кәсіпорын жетекшісі (аты, жөні) (тапсырыс беруші).
3. Сұрайтын учаскенің мақсаты.
4. Тұрған орны.
5. Шаралар өткізу үшін негіздеме.
6. Жер учаскесінің меншік түрі (N, дата).
7. Өкілетті органның жасыл желекті зерттеу актісі.
8. Ағашты, шілікті желектердің нақты жағдайы (сапалы, сандық).
9. Көкшетау қаласының жасыл қорын өтемді қалпына келтіру бойынша ( кепілдік хат) міндеттеме.

**ҚОРЫТЫНДЫ**

Өкілетті орган (толық атауы) зерттеу актісіне сәйкес, жасыл желектердің жағдайын ескере отырып жоғарыда көрсетілген ағаштарды жоюға келіседі, осыған орай бірінші жетекшіге, мынадай талаптар орындауға алдын ала беріледі:

Жасыл желектерді өтемді қалпына келтіру бойынша шаралар жер асты және аспандағы коммуникацияларды қорғау ережелері мен нормаларын сақтай отырып жүргізу қажет.

Жасыл желектерді сақтау және қорғау бойынша кешенді шаралар толық жүргізілсін.

Қосымша: ______________

Ескерту: ______________

Өкілетті орган жетекшісі (аты жөні)

Көкшетау қаласының жасыл желектерін қорғау және ұстау Ережелеріне қосымша N 3

**Жасыл желектерді санитарлық кесу, крониловкалау, түптерін тазалаудың 200 ___ жылдың "31" желтоқсанына дейін РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ**

1. Кәсіпорының атауы (рнн) (тапсырыс беруші).
2. Кәсіпорын жетекшісі (аты, жөні) (тапсырыс беруші).
3. Сұрайтын учаскесінің мақсаты.
4. Тұрған орны.
5. Шаралар өткізуге негіздеме.
6. Жер учаскесінің меншік түрі (N, дата).
7. Өкілетті органның жасыл желекті зерттеу актісі.

**ҚОРЫТЫНДЫ**

Өкілетті орган (толық атауы) зерттеу актісіне сәйкес, жасыл желектердің жағдайын ескере отырып жоғарыда көрсетілген ағаштарды санитарлық кесу, крониловкалау, түптерін тазалауға келіседі, осыған орай бірінші жетекшіге мынадай талаптар орындауға алдын ала беріледі:

Жасыл желектерді ұстау және баптау бойынша кешенді шаралар толық жүргізілсін.

Ескерту: _____________

Өкілетті орган жетекшісі (аты жөні)

Көкшетау қаласының жасыл желектерін қорғау және ұстау Ережелеріне қосымша N 4

**Көкшетау қаласының жасыл желектерінің 200 ____ жылдың 1 қаңтарына дейінгі ТІЗІМІ**

Жасыл желектердің жер санаты, өсімдік түрлері, қызметтік мақсаттары бойынша нысандар (учаскелер) көлемінің бөлінуі.

К ө к ш е т а у қ а л а с ы
Әкімшілік аудан: (код) ________________________
Жауапты иегер: ____________________________

**Жасыл желектер тізімдемесі**

Кесте

| N р/с мүкәммал | Жасыл желектердің (учаскелер) нысандар атауы, мақсаты , түр топтары,жер қызметінің мақсаты | Жіктелуі код | Жасыл желектердің (учаскелері) нысандар га, га/сан (ағаш, шілік) |
|---|---|---|---|
| | | | |
| А | Б | В | 1 |

Кесте жалғасы

| Жасыл желектердің парктік түрі | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ағашты өсімдіктер, тек. м. га./сан. | | | | | Шілікті, талды өсімдіктер | | | |
| Жеке-леген ағаш-тар | Топ-тары | Бақ-тар, шоқ ағаш-тар алқабы га | Аллей-лер қатары | Бар-лығы Га/сан | Жеке-леген | Тірі қоршау-лар | Қатар-дағы Отыр-ғызы-лымдар. | Бар-лығы Га/сан. |
| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Кесте жалғасы

| Ашық кеңістік | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Гүлзарлар, га. | | | | | Газондар, га. | | | |
| Бір жылдық | Көп жылдық | Аралас | Кон-тей-нерлік | Бар-лығы | Пар-тер-лік | Кәдімгі немесе дәс-түрлі | Жер үстінің топы-рағы | Бар-лығы |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |

кесте жалғасы

| Парк түріндегі барлық өсімдіктері | Табиғи түрдегі ағаштық өсімдіктер | | |
|---|---|---|---|
| | Табиғи және аралас ағаштар | Түрлері | Табиғи тастақтар, аралықтар |
| 20 | 21 | 22 | 23 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК